



№64
(2235)
Сенбі
27 шілде
2024 жыл



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ТАҒА- ҚАЗАЛЫ

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ТАМАРА ДҮЙСЕНОВА: “АУЫЛ АМАНАТЫ” ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА ӨҢІРАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ НЫҒАЙТУ КЕРЕК



ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова Қызылорда облысына жұмыс сапары барысында Қазалы ауданында болды.

«Ауыл аманаты» жобасы шеңберінде Салтанат Ражатова 8,6 млн. теңге несие алып, жылыжай өсіруді қолға алған. Былтыр басталған кәсіп алғашқы жемісін бере бастады. 160 шаршы метр аумаққа қияр егіліп, 800 келі өнім жиналған.

«Отбасымызбен осы жылыжай жұмысын жүргізе бастадық. Әзірге нәтиже жаман емес деп санаймын. Өнімге сұраныс бар. Кәсіпкер үшін маңыздысы осы. «Ауыл аманаты» бойынша берілетін несие шарттары өте тиімді. Тек еңбек етуге ниет болуы керек, - деді Салтанат Ражатова.

Ауданда ауыл шаруашылығынан өзге бағытты таңдағандар да бар. Толқын Бижанова алғашқыда кондитерлік өнімдерді үйден әзірлеп, ауылдастарының тапсырысы бойынша жұмыс істеп келген. «Ауыл аманаты» жобасы туралы естіп, кәсібін кеңейтіп, цех ашуды ұйғарған. 6,5 млн. теңге жеңілдетілген несиенің арқасында мақсаты орындалып, 4 адамды жұмыспен қамтуда.

Ал, Ғалия Қартабаева - аудандағы жас кәсіпкер. «Ауыл аманаты» бағдарламасына ер азаматтар атқаратын тірлікпен айналысуды көздеп, жоба ұсынған. 5,4 млн. теңге несие алып, автокөлік жөндеу және жуу орталығын ұйымдастырған. Жұмыспен қамтылған екі адам күніне 5 көлікке қызмет көрсетеді.

«Еңбек етуге ниеті бар адам кез келген кәсіпті қымсынбай қолға алуы керек, - дейді Ғалия Қартабаева.

Қазалыда түйе ұстайтын шаруалар баршылық. Алайда, сүті сауылған күйі сатылуда. Оны терең өңдеуге қатысты кеңес берер, қажет болса, үйретер жандар бар. Мысалы, Алматы облысындағы «Дәулет-Бекет» ауыл шаруашылығы кәсіпорны шұбаттан бірнеше өнім әзірлейді. Тіпті сусынның ұнтақталған түрін ұсынуда.

Аймақ тұрғындарымен, ау-

дан, ауыл әкімдерімен кездескен вице-премьер ауылдарда кооперативке бірігу тәжірибесін кеңінен қолдану қажеттігін атап өтті. Елімізде 3-4 адам емес, бір шаруашылық аясында бүтін ауыл боп жұмылудың мысалдары бар. Мәселен, Батыстағы Қоскөл ауылы. Елді мекендегі барлық 227 ауланың басын қосқан серіктестік тәжірибесі туралы ауыл әкімі Әділет Мұсағалиев айтып берді.

Ал, өндірілген өнімді кәдеге жаратудың бір жолы ретінде Түркістан облысының тәжірибесі ұсынылды. Мұнда кәсіпкер Данияр Қалымбетов мемлекеттік-жеке меншік әріптестік аясында аймақтағы әлеуметтік нысандардың асханаларын жөндеп, оларды азық-түлікпен қамту ісін қолға алған. Мектеп-интернаттар, медициналық әлеуметтік нысандарға қызмет көрсетуде. Тағамға қажетті өнімдерді орталықтандырылған жолмен сатып алып, мекемелерді қамтамасыз етеді.

Аталған тәжірибе Сыр өңірінде де енгізілуі мүмкін. Осы ретте «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияның көмегі қажет. Шаруалардан сатып алынған көкөніс, ет, сүт өнімдері әлеуметтік нысандардың асханаларының қажетіне жарайтын болады.

Тамара Дүйсенова елдегі оң тәжірибелерді кеңінен тарату, өңіраралық байланысты нығайтудың маңызды екенін атап өтті.

«Әр облыстың әрине, өзіндік ерекшеліктері бар. Алайда, өзара байланыс арқылы бірлесіп жетістікке жетуге болары даусыз. Сайып келгенде, бұл азаматтарымыздың тұрмысын жақсартуға елеулі әсер етеді. Әр азаматтың, отбасының бақуатты болуы мемлекетіміздің тұрақтылығының кепілі екенін естен шығармайық, - деп атап өтті Тамара Дүйсенова.

ҚР Премьер-министрімен Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев берге жүрді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

11 ТАМЫЗ – ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН «САРЫБҰЛАҚ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

«Сарыбұлақ» ауылдық округі әкіміне кандидат Жаңабай Руслан Алпысұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Жаңабай Руслан Алпысұлы 1979 жылы 25 қазанда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, «Майлыбас» ауылдық кеңесінде (қазіргі Ақсуат ауылы) дүниеге келдім. Ұлым қазақ. 1987 жылы №100 кеңтүп орта мектебінің табалдырығын аттадым. 1997 жылы №100 кеңтүп орта мектебін бітіріп, сол жылы М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясына оқуға түстім. 2002 жылы

«Темір жол құрылысы, жол және жол шарушылығы» мамандығы бойынша бітіріп шықтым.

2003 жылдың шілде 2008 жылдың тамызы аралығында Атырау қаласында «Каспий Строй Лимитед» ЖШС-де прораб, 2008 жылдың қыркүйек айы мен 2010 жылдың желтоқсан айы аралығында Алматы қаласында «Капстройгрупп-Т» ЖШС-да учаске бастығы, 2012 жылдың қазан айынан 2020 жылдың тамыз айы аралығында Қазалы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінде жетекші маман, бас маман, 2020 жылдың 27 тамыз айынан бастап осы уақытқа дейін «Сарыбұлақ» ауылдық округі әкімі лауазымы қызметін атқарып келемін.

Қазалы ауданы, «Сарыбұлақ» ауылы, «Сарыбұлақ» көшесі, №24 үйдің тұрғынымын. Отбасылымын, 4 бала тәрбиелеп отырмын.

«Сарыбұлақ» ауылдық округі әкіміне кандидат Жаңабай Руслан Алпысұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Ендігі кезекте «AMANAT» партиясынан ұсынылған үміткер ретінде «Сарыбұлақ» ауылдық округі әкімінің сайлауына түсіп, ауылдың одан әрі өркендеуі, гүлденуі үшін қолымнан келгенше бар күш жігерімді салып, өзекті мәселелердің оңтайлы шешім табуына жұмыс істесем деймін.

Бұл үшін маған Сіздердің қолдауларыңыз керек!

«Сарыбұлақ» ауылының тұрғын үйлеріне сервистік ауыз су желісінің жүргізілуіне;

«Сарыбұлақ» ауылындағы электр бағаналарын ауыстыруға;

«Сарыбұлақ» ауылына типтік жобадағы жаңа клубтың салынуына;

Басықара ауылынан шыға берістегі жолды (дамба) жөндеуге;

«Сарыбұлақ» ауылына байланыс (ұялы, интернет) жүйесін жақсартуға;

Ауыл тұрғындары арасындағы өзекті мәселе – жұмыссыздықтың санын азайтуға. Бұл ретте:

«Ауыл аманаты» жобасы аясында ауыл тұрғындарына 2,5 пайыздық несиені алуға қол жеткізуіне мүмкіндік жасауға;

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, көпбалалы отбасылар мен жастарға арналған гранттар, несиелерді алып беруге сүйемелдеу жұмыстарын жүргізуге;

«Таза ауыл» мәдениетін

қалыптастыру үшін көркейту, көгалдандыру жұмыстарын әрі қарай жандандыруға;

Мал ауруларының алдын-алуға бағытталған шараларды ұйымдастыру, оның ішінде кенеге қарсы шараларды өткізуге;

Мал жайылымдық жерлерге қатысты мәселелердің оң шешімін табуға;

«AMANAT» партиясының «Халыққа көмек», «Бақытты отбасы» партиялық жобалары аясында ауыл тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын қадағалауға, аз мөлшерде қамтамасыз етілген отбасылардың, қарттар мен мүгедектердің тұрмыс жағдайларын тұрақты түрде назарда ұстауға, мұқтаж жандарға көмек ұйымдастыруға;

Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге, олардың қоршаған ортаны қорғау мәдениетін дамытуға, округ көлемінде жастар саясатын жүйелі түрде жүргізу, жастар арасындағы жұмыссыздықты жою мен олардың демалысын өз деңгейінде өткізуге ықпал етуге;

Ауылдың қоғамдық-саяси ахуалын тұрақты ұстауға, оның ішінде санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды басты назарда ұстауға бар күш жігерімді жұмсаймын.

«Сарыбұлақ» ауылдық округі әкіміне кандидат Жұмағали Алтынбек Бахытұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Жұмағали Алтынбек Бахытұлы 1976 жылы 7 наурызда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, «Аранды» ауылдық кеңесінде дүниеге келдім. Ұлым қазақ, Қазақстан Республикасының азаматымын.

1983 жылы Қазалы ауданы, «Өркендеу» ауылындағы №104 мектептің 1 сыныбына қабылданып, 1993 жылы 11 сыныпты бітірдім.

1998 жылы Ақтөбе қаласындағы «Қайнар» университетіне түсіп, 2002 жылы «Заңгер» мамандығы бойынша бітірдім.

1993 жылдың шілде айынан бастап «Өркендеу»

серіктестігінде жұмысшы болдым. 1994-1995 жылдары Жамбыл облысы, Отар-2 станциясының №01731 әскери бөлімшесінде әскери міндетімді өтедім.

1996 жылдың ақпан айынан бастап «Талап» шаруа қожалығында, 1999 жылдың мамыр айынан бастап «Бақытжан» шаруа қожалығында жұмысшы болдым.

2003 жылдың наурыз айынан бастап «Өркендеу» ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маман – юрист-консультанты міндетін уақытша атқарушы, 2012 жылдың қараша айынан бастап «Қызылқұм» ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маман – юрист-консультанты, 2020 жылдың қаңтарынан бастап 2022 жылдың сәуір айы аралығында «Қызылқұм» ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық

серіктестігінде жұмысшы болдым. 1994-1995 жылдары Жамбыл облысы, Отар-2 станциясының №01731 әскери бөлімшесінде әскери міндетімді өтедім.

1996 жылдың ақпан айынан бастап «Талап» шаруа қожалығында, 1999 жылдың мамыр айынан бастап «Бақытжан» шаруа қожалығында жұмысшы болдым.

2003 жылдың наурыз айынан бастап «Өркендеу» ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маман – юрист-консультанты міндетін уақытша атқарушы, 2012 жылдың қараша айынан бастап «Қызылқұм» ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маман – юрист-консультанты, 2020 жылдың қаңтарынан бастап 2022 жылдың сәуір айы аралығында «Қызылқұм» ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық

мемлекеттік мекемесінің бас маманы болып қызмет атқардым.

2022 жылдың сәуір айынан бастап 2022 жылдың маусым айы аралығында «Қазалы ауданының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы болып қызмет атқардым.

2022 жылы «Бозкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы болып қызмет атқардым.

Қазіргі кезде «Қызылқұм ауылдық округі әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бас маман болып қызмет атқарамын.

Тұрғылықты мекен-жайым: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Жанкент ауылы, Әбділда Тобаев көшесі, 84 үй.

Отбасылымын, 3 бала тәрбиелеп отырмын.

«Сарыбұлақ» ауылдық округі әкіміне кандидат Жұмағали Алтынбек Бахытұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың халықтың әлауқатын жақсарту жөніндегі стратегиялық бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында ауылдық округі әкімі сайлауына түсуге тәуекел еттім.

Әкім болып сайланған жағдайда төмендегі жұмыстарды атқарамын деген жоспарым бар.

1. «Сарыбұлақ» елді мекені аудан орталығынан шалғай орналасқандықтан, ауылға барар жол өте қиын, әсіресе қыс мезгілдерінде.

Жағдайды ескере келе, Басықара су торабынан бастап, «Сарыбұлақ» ауылына дейінгі жолға жөндеу жұмыстары жүру керек.

Ол үшін дәрия жиегіндегі облыстық су шаруашылығы кәсіпорнына қарайтын жолға қаржы бөліп, жолды жөндеуге ықпал етемін;

2. Округке қарасты ауыл шаруашылығы жерлері орман қоры жеріне жататындықтан көптеген қиындықтар туғызуда. Ол үшін тиісті мекемелер арқылы жерді ауылдық округтің меншігіне өткізу қажет. Осы жұмысты қолға алып, оң шешімін табуға ықпал етемін;

3. «Сарыбұлақ» ауылындағы клуб ескірген. Ауылда жаңадан клуб салуға қаржы бөліріп, жұмыс істейтін боламын;

4. Ауылда интернет жүйесі

жұмыс істемейді. Құзырлы мекемелер арқылы интернетті қосуға күшімді саламын.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы арқылы бұл жұмыс оң шешімін табатын болады.

5. Кезең-кезеңімен ауыл көшелеріне асфальт төсеу қажет. Ол үшін тиісті құжаттарын жасап, қаржы бөлдіруге жұмыс істейтін боламын;

6. Аудан орталығынан бұрын ауылға қоғамдық көлік қатынайтын, қазіргі уақытта ауыл тұрғындары өз көліктерімен қатынап, қиындық көруде. Сондықтан бюджеттен тиісті қаржы бөліріп, аптасына үш рет қоғамдық көліктің қатынауына жәрдемдесетін боламын;

7. Ауыл маңынан Қуандәрия каналы өтеді. Ауыл тұрғындарының бақша егуіне жағдай жасаймын;

8. Ауылдағы көшелерді түнгі жарықшамдарымен қамтамасыз етуге қаржы бөліремін;

9. Ауылды көгалдандыру мақсатында аяқ су мәселесін шешетін боламын;

10. Абаттандыру және санитарлық тазалықпен айналысу – күндегі жұмысым деп есептеймін.

Құрметті ауыл тұрғындары! Сіздерді сайлау күні маған дауыс беруге шақырамын!

11 ТАМЫЗ – ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН «САРЫБҰЛАҚ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

«Сарыбұлақ» ауылдық округі әкіміне кандидат Кожаназаров Канат Аскаровичтың ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Кожаназаров Канат Аскарович Қазалы ауданы, Жаңақазалы қыстағында 1991 жылы 19 қыркүйекте (қазіргі Әйтеке би кенті) дүниеге келдім. Ұлым қазақ. Қазақстан Республикасының азаматымын.

1997 жылы Жаңқожа батыр атындағы №70 орта мектептің 1 сыныбына қабылданып, 2006 жылы 9 сыныпты бітіріп, сол жылы Қызылорда қаласындағы «Болашақ» колледжіне оқуға түстім. 2009 жылы

«құқықтану» мамандығы бойынша бітірдім. Сол жылы осы мамандық бойынша «Болашақ» университетінде оқуымды жалғастырып, 2012 жылы «бакалавр» дәрежесін бітіріп шықтым.

Еңбек жолымды 2011 жылы желтоқсан айында «Ұлар Үміт» зейнетақы жинақтау орталығына менеджер болып бастадым. 2012 жылдың ақпан айында денсаулық жағдайыма байланысты жұмыстан өз еркіммен шықтым.

2013-2014 жылдары «Сине Мидас Строй» компаниясында күзетші болып жұмыс істедім. 2015 жылдың 2 қарашасынан бастап «Сарыкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бас маман болып қызмет атқарамын.

Әскерде болмағанмын. Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Халықов көшесі, №14 үйдің тұрғынымын. Отбасылық жағдайым – үйленбегенмін.

«Сарыбұлақ» ауылдық округі әкіміне кандидат Кожаназаров Канат Аскаровичтың сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытындағы саясатын басшылыққа алып, ауылдық округ әкімі сайлауына түсіп жатырмын. Облыс және аудан әкімдерінің осы бағыттағы тапсырмаларын басшылыққа алып, жұмыс істейтін боламын.

1.Мемлекеттік және Үкіметтік бағдарламалардың орындалуын ауылдық округ көлемінде жүзеге асыратын боламын.

2.«Ауыл Аманаты» бағдарламасы арқылы ауылдағы шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлерге 2,5 пайыздық жеңілдетілген несиелер алуына көмектесемін.

Жеңілдетілген несиенің тиімділігін ауылдағы азаматтарға түсіндіріп, оларға несиелер алуға көмектесіп, ауылдан қоғамдық монша, шаштараз және автомобиль жөндеуінің орын ашуға жәрдемдесемін. Сол арқылы жұмыссыздықты азайтып, салық базасын ұлғайтуды қолға аламын;

3.Ауыл көшелеріне жөндеуді кезегімен жүргізетін боламыз. Ол үшін бюджеттен қаржы бөліп, жұмыс атқарылатын болады.

4.Ауыл жастарының демалатын орнын демеушілер арқылы салдыратын боламын. Мәдени шараларды мәдени-демалыс орындарында атқаратын боламыз;

5.Ауыл жастарының ауылда тұрақтанып қалуы үшін, спорт кешенін салуды және ауыл балаларының спортпен шұғылдануын қадағалайтын боламын;

6.Ауылда жаңа клуб салуға қаржы бөліруді қолға аламын;

7.«Кітап-білім бұлағы» дегендей балалардың кітап оқып, білімін жетілдіру мақсатында ауылдағы кітапхананың қорын көбейтуге жұмыс істейтін боламын, сол арқылы өскелең ұрпақтың білім деңгейін көтеруге атсалысуымыз қажет деп санаймын;

8.Ауыл маңынан тал егіп, «Жасыл желек» ұйымдастырып, сол арқылы ауылдың экологиялық жағдайын жақсартуға үлесімді қосамын;

9. Ауылдағы ұялы байланысты және интернет желісін жақсарту мақсатында тиісті жұмыстарды атқарамын;

10. Ауылдағы ауыз су мәселесін шешуді қолға аламын.

МАҚСАТЫМЫЗ–ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТОСҚАУЫЛ

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерде тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтік мәселе. Бұл салада, қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмада тұрған мәселе, ол – коррупция. Елімізде арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан

жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен

қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.



ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазалы ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, ҚР Экологиялық кодексінің 58-бабының 2-тармағының және 73-бабының 1-тармағының талаптарына сәйкес 2024 жылғы 05 тамыздан бастап 20 жұмыс күні ішінде біріңғай экологиялық порталда (Есоportal.kz) «Орман қоры жерлерінің жекелеген учаскелерін елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) санатындағы жерлерге ауыстыру туралы» ҚР Үкіметі қаулысының жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіндігін хабарлайды

(«Қазалы ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орман қоры жерлері санатынан Қазалы қаласындағы 114,0 гектар, «Тасарық» елді мекеніндегі 122,0 гектар, «Тасөткел» елді мекеніндегі 18,0 гектар, «Ажар» елді мекеніндегі 63,0 гектар, «Сарыбұлақ» елді мекеніндегі 96,0 гектар, жалпы көлемі 413,0 гектар жер учаскелерін орман қоры жерлері санатынан елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жері санатына ауыстыру).

Құжаттама пакетімен Біріңғай экологиялық порталында, сондай-ақ kazaly-ashb@mail.ru электрондық почтасы немесе 8/72438/79-2-80 (6971) телефон нөмірінен ақпарат алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Коммунальное государственное учреждение "Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Казалинского района" в соответствии с требованиями пункта 2 статьи 58 и пункта 1 статьи 73 Экологического кодекса РК в течение 20 рабочих дней с 05 августа 2024 года на едином экологическом портале (Есоportal.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения, по проекту постановления Правительства РК «О переводе отдельных участков земель лесного фонда в земли категории населенных пунктов пунктах (городах, поселках и сельских населенных пунктов)» (Коммунальное государственное учреждение "Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Казалинского района" из категории земель лесного фонда коммунального государственного учреждения "Казалинское государственное учреждение по охране лесов и животного мира" 114,0 га в городе Казалы, 122,0 га в населенном пункте «Тасарык», 18,0 га в населенном пункте «Тасоткель», 63,0 га в населенном пункте «Ажар», 96,0 га в населенном пункте «Сарыбулак» перевод земельных участков общей площадью 413,0 га из категории земель лесного фонда в категорию земель населенных пунктов (городов, поселков и сельских населенных пунктов)).

Замечания и предложения можно направлять на электронную почту kazaly-ashb@mail.ru или звонить по телефону 8/72438/79-2-80 (6971).

МАҚСАТЫМЫЗ–ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТОСҚАУЫЛ

(Соңы. Басы 3 бетте)

Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке қоғам болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес

қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ

ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас-жемқорлық-бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын. Сыбайлас

жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан, сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті.

А.БӨЛЕБАЙ,
«Бозкөл» ауылдық округінің әкімі

АЛДАНБАУДЫҢ АМАЛДАРЫ

Бүгінгі күні өмірімізді ұялы телефонсыз елестету мүмкін емес. Ал олардың өндірушілері күн сайын жаңаларын жарнамайды. Жаңа заманауи телефон алу – көптеген адамдардың арманы, тіпті кейбіреулер ол үшін банктен несие алуға дайын. Ал сол телефон сынып қалса өте өкінішті.

Ал бұл ретте тұтынушылар аталған келеңсіздікті жою үшін сауда орталығына барып, сынған ұялы телефонды басқасына ауыстыруға немесе ақаулы тауарды кері қайтаруға тырысады, бірақ сатушылар тауарды қайта алудан бас тартады. Сатушылар заң талаптарын орындауға асықпайды.

Мұның бәрі тұтынушылар көбіне сауда жасаған кезде сатып алынған растайтын құжаттардың алмауынан болады. Чектерді де, кепілдік талондарын да алмайды. Егер тұтынушы қолына құжаттарды алмаса, өз - өзіне проблема тауып алады. Чекте, ең алдымен сатушының барлық деректемелері көрсетіледі, телефон сынып қалған жағдайда оны тауып алу да қиындық тудырмайды. Екіншіден чек – бұл сіз телефонда дәл сол сауда нүктесінен сатып алғандығыңыздың дәлелі. Кепілдік талоны – ол да сатып алғандығыңызды дәлелдейтін құжат. Осы жерде сатып алушы мұқият болуы керек, талонда мөр басылғанын, бар болса қандай мөр екенін тексеріп алуы қажет.

Егер құрылғы істен шығып қалса, ол құжаттар сізге ауадай қажет болады. Әрине, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» қолданыстағы заңға сәйкес, егер қажетті чек пен кепілдік талоны жоғалып

қалса, тауарды сатып алу фактісін дәлелдеу үшін тұтынушы куәгерлерді тартуына болады. Дегенмен чек пен кепілді талонды сақтап қою әлдеқайда оңай.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңға сәйкес сатып алушы сынған телефонды соның жұмыс істеп тұрған баламасына ауыстырып беруді талап ете алады. Сондай-ақ, тұтынушы басқа ұйым жүргізетін телефонды жөндеуге ақша төлеуді немесе ақаулы телефонның құнын қайтаруды талап ете алады. Бірақ осылардың біреуін тандауы қажет. Сонымен қатар, телефонның ақаулы екенін және де сіз оны құлатып не суға түсіріп алмағандығызды да дәлелдеу керек. Сарапта-маларды сервис орталықтары мен арнайы аккредиттелген ұйымдар жүргізеді. Егер телефон ақаулығында сатып алушының кінәсі жоқ екендігі анықталса, онда сатушы телефонды ауыстыру немесе ақшасын қайтару бойынша сатып алушының талаптарын орындайды. Егер сараптама қорытындылары күмән туғызса, онда өз есебіңізден басқа сервис орталығының көмегімен телефонның техникалық жағдайына тәуелсіз бағалау жүргізе аласыз. Ал тұтынушының қолында сараптама нәтижелері мен басқа да құжаттары болса, онда оның сотта жеңіп шығу мүмкіндігі айтарлықтай артады.

Өз құқықтарыңызды қорғап, сауатты тұтынушы болыңыз!

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

ЧТОБЫ НЕ ОШИБИТЬСЯ

В наши дни представить жизнь свою без сотового телефона мы попросту не можем. А производители чуть ли не каждый день рекламируют новинки. Купить новый современный телефон – мечта многих людей, и для ее осуществления некоторые готовы даже взять кредит в банке. И чем печальнее, когда этот телефон ломается.

Потребители поначалу сами стараются урегулировать конфликт, пытаются обменять в торговой точке телефон на работающий, или вернут бракованный товар обратно, однако получают отказ от продавцов. Однако продавцы не торопятся выполнять требования закона.

И все потому, что зачастую покупатели не берут подтверждающие покупки документы. Ни чеков, ни гарантийных талонов. Когда потребитель не получает на руки документы, он сам создает себе проблемы. В чеке, во-первых, указаны все реквизиты продавца, и найти его в случае поломки телефона просто. А во-вторых, чек – это доказательство, что вы купили телефон именно в этой торговой точке. Гарантийный талон – это тоже документ, и он тоже подтверждает покупку. Но тут покупатель должен быть внимательным, и проверить, стоит ли на толоне печать, и если стоит, то какая именно.

Документы могут вам очень сильно пригодиться, если устройство выйдет из строя. Конечно, согласно действующему закону «О защите прав потребителей» покупа-

тель имеет право воспользоваться и показаниями свидетелей, чтобы доказать факт приобретения товара, если необходимые чек и талоны потеряны. Но все гораздо проще и разумнее сохранить товарный чек и гарантийный талон.

Согласно Закона о защите прав потребителей, покупатель имеет право потребовать заменить неисправный телефон на аналогичный работающий экземпляр. Также потребитель может потребовать оплату ремонта телефона, которую будет проводить иная организация. Если потребитель захочет, то может потребовать вернуть ему стоимость неисправного телефона. Но выбрать надо что-то одно. Кстати, неисправность телефона еще надо доказать. Как и то, что вы его сами не утопили и не уронили. Проводят экспертизы сервис центры и специальные аккредитованные организации. Если выясняется, что вины покупателя в неисправности телефона нет, то продавец выполняет требования покупателя по замене телефона и возврату денежных средств. Если результаты экспертизы вызывают сомнения, то можно получить независимую оценку технического состояния телефона за свой счет, обратившись в другой сервисный центр. А имея на руках результаты экспертизы и все прочие документы, шансы потребителя выиграть дело в суде существенно увеличиваются.

Отстаивайте свои права и будьте грамотным потребителем!

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.